

Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз етудің, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын занды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 ақпандағы № 294 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 наурызда № 16600 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 103, 105, 486, және 535-баптарына сәйкес және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРДАМАНЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз етуді қолдану қағидасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді есепке алу қағидасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын занды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, қамтамасыз етудің бір тәсілін басқаға ауыстыру қағидасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес уәкілетті экономикалық оператор міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, қамтамасыз етудің бір тәсілін басқасына ауыстыру, қамтамасыз ету мөлшерін төмендету қағидасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын занды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2020 № 872 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.11.2021 № 1222 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мына:

1) "Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау және кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз етуді қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 274 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11172 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 2015 жылғы 22 маусымда жарияланған);

2) "Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау және кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз етуді қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 274 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 15 қыркүйектегі № 493 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14323 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 26 ақпандығы

№ 294 бұйрығына

1-қосымша

Кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті орындаудың бас қамтамасыз етуін қолдану қағидасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті орындаудың бас қамтамасыз етуін қолдану қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендейк реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 103-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті орындаудың бас қамтамасыз етуін қолдану тәртібін (бұдан әрі – бас қамтамасыз ету) айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда:

кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға деп, кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті (бұдан әрі – міндет) орындауды қамтамасыз етуге жататын кедендейк операцияларды жасайтын мемлекеттік кірістертер органының лауазымды тұлғасы түсініледі.

Бұл ретте Кодектің 139-бабының 1-тармағының екінші бөлігін ескере отырып, міндетті орындауды қамтамасыз ету арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша міндетті орындауды қамтамасыз етуі қамтиды;

мемлекеттік кірістер органы деп, Кодектің 105-бабына сәйкес міндеттің орындалуын қамтамасыз ету тіркеуге жататын мемлекеттік кірістер органы түсініледі;

төлеушілер деп:

міндет туындаған тұлғалар;

Кодектің 96-бабының 3-тармағында көрсетілген тұлғалар түсініледі;

үәкілетті лауазымды тұлға деп, бас қамтамасыз етуі тіркеуді жүзеге асыруши, сондай-ақ бас қамтамасыз ету сомаларын есепке алуды жүзеге асыруши мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы түсініледі.

Техникалық мүмкіндік деп, мемлекеттік кірістер органдарының автоматтандырылған жүйелерінің құралдары арқылы мәліметтерді алу және жолдау мүмкіндігі түсініледі.

2-тарау. Бас қамтамасыз етуді қолдану тәртібі

3. Бас қамтамасыз етуді тіркеу төлеушінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.
4. Бас қамтамасыз етуді мемлекеттік кірістер органы банктік кепілдіктің және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімінен және (немесе) Кодекстің 89 және 143-бабтарында белгіленген талап қою мерзімінен аспайтын төлеушінің өтінішінде айқындалған мерзімде қабылдайды.
5. Өтініште көрсетілген мәліметтер осы Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша бас қамтамасыз етуді есепке алу нысанына (бұдан әрі – Нысан) ауыстырылады және (немесе) автоматты түрде өзгертиледі.
6. Бас қамтамасыз етудің тіркеу нөмірі осы бұйрықпен бекітілген, Кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндettердің орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік кірістер органдарында есепке алу қағидасының 7-тармағына сәйкес беріледі.
7. Егер бас қамтамасыз ету ақшамен ұсынылған жағдайда, мәлімделген мәліметтер мен ұсынылған құжаттар Кодексте және осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде, уәкілетті лауазымды тұлға кейіннен мәлімделген мәліметтер мен ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы Нысанға белгі қоя отырып, төлем құжатымен расталған ақшаның болуын тексеруді жүзеге асырады және барлық талаптар сақталған кезде бас қамтамасыз етуді тіркейді.
8. Егер бас қамтамасыз ету Кодекстің 97-бабының 1-тармағының 2), 3), 4) 5) тармақшаларында көрсетілген әдістермен ұсынылған жағдайда, мәлімделген мәліметтер мен ұсынылған құжаттар Кодексте және осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде, уәкілетті лауазымды тұлға кейіннен мәлімделген мәліметтер мен ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы Нысанға белгі қояды және барлық талаптар сақталған кезде бас қамтамасыз етуді тіркейді.
9. Өтініште және (немесе) ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтер Кодексте және осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға мәлімделген мәліметтер мен ұсынылған құжаттардың сәйкес еместігі туралы Нысанға белгі қояды, бас қамтамасыз етуді тіркеуден бастартады.
10. Бас қамтамасыз етуді тіркеу немесе бас тартудың себептерін көрсете отырып, тіркеуден бас тарту туралы хабарлама, жазбаша немесе электрондық нысанда міндettің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеуден бас тарту туралы хабарлама үшін осы Кодексте белгіленген мерзімде төлеушіге жолданады.
11. Бас қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарламада бас қамтамасыз етудің тіркеу нөмірі болуы тиіс.
12. Төлеуші кеден заңнамасына сәйкес міндettемелерді орындауды қамтамасыз ету талап етілетін кедендік операцияны жасау үшін мемлекеттік кірістер органына

жүгінген жағдайда, кеден заңнамасының сақталуына тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға, осындай өтініш жасалған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

уәкілетті лауазымды тұлғага бас қамтамасыз етудің есебінен кедендік операция бойынша міндеттемелердің орындалуын, оның ішінде кедендік операциялардың түрі мен мерзімі туралы мәліметтерді көрсете отырып, қамтамасыз ету мүмкіндігі туралы өтініш жолдайды, немесе;

егер банк кепілдігінің және (немесе) мүліктік кепілі және (немесе) кепілгерлік және (немесе) сақтандыру шарттарының қолданыс мерзімі, сондай-ақ міндеттемені орындауды қамтамасыз ету сомасы Шарттарда және (немесе) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және (немесе) Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес келуі жағдайында техникалық мүмкіндік болған кезде, кеден заңнаманың сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға, Нысанда міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылған кедендік операциялар бойынша осындай міндетті тоқтатқанға дейін осындай міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді уақытша шектеу туралы белгі қояды.

13. Техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 12-тармағында көрсетілген көрсетілген өтінімді алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаға Кодекстің талаптарын ескере отырып, бас қамтамасыз ету есебінен кедендік операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мүмкіндігінің бар немесе жоқтығы туралы ақпаратты жолдайды.

14. Техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген қолданысымен бір мезгілде бас қамтамасыз ету есебінен кедендік операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мүмкіндігі бар болған кезде, кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаның өтінішінде көрсетілген сомаға бас қамтамасыз етудің сомасын уақытша шектейді.

15. Егер төлеуші міндетті орында маса немесе дұрыс орында маса, кеден заңнаманың сақталуына тексеріс жүргізген лауазымды тұлға төлеуші міндетті орында маған немесе дұрыс орында маған күннен кейінгі күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

уәкілетті лауазымды тұлғаға төлеушінің міндетті орында мағаны немесе тиіссіз орындағаны туралы ақпаратты жолдайды немесе

техникалық мүмкіндік болған жағдайда, кеден заңнамасының сақталуына тексеріс жүргізетін лауазымды тұлға төлеушінің міндетті орындауы немесе тиісті түрде орындауына байланысты кейін шаралар қабылдау үшін Нысанда кедендік операцияны тиісінше аяқтау туралы белгі қояды.

16. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін Нысанда кедендік

операцияны тиісінше аяқталмағаны туралы белгі қояды, ол туралы Нысанда тиісті білгі қойылады.

17. Уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 16-тармағында көрсетілген әрекеттермен бір мезгілде, Кодексте көзделген мерзімде, Кодекстің 98-бабының 6-тармағында, 99-бабының 4-тармағында, 100-бабының 5-тармағында, 101-бабының 10-тармағында, 102-бабының 4-тармағында белгіленген әрекеттерді жүзеге асырады.

18. Төлеуші міндеттің дұрыс орындағаннан кейін кеденк заңнамасының сақталуына тексеріс жүргізетін лауазымды тұлға міндеттің орындаудан кейінгі күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

уәкілетті лауазымды тұлғаға төлеушінің міндетті дұрыс орындағаны туралы ақпаратты жолдайды немесе

техникалық мүмкіндік болған кезде, кеден заңнамасының сақталуына тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адам Нысанда ақшаны "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 540 Бұйрық) айқындалған тәртіппен есепке алу (қайтару) немесе Кодекске сәйкес қолдану үшін кедендік операцияны тиісінше аяқтау, міндеттің орындалуын қамтамасыз ету шектеуін жою және оны бақылаудан алу туралы белгі қояды.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 24.07.2024 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, уәкілетті лауазымды адам осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін, кейіннен ақшаны № 540 Бұйрығымен айқындалған тәртіппен есепке алу (қайтару) немесе Кодекске сәйкес пайдалану үшін Нысанда кедендік операцияны тиісінше аяқтау, міндеттің орындалуын қамтамасыз ету шектеуін жою және оны бақылаудан алу туралы белгі қояды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 24.07.2024 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Төлеушінің өтініші бойынша уәкілетті лауазымды тұлға Нысанға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе алады.

21. Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы мәліметтерді төлеуші өтінішке қажетті құжаттарға қосымша арқылы растайды.

22. Бас қамтамасыз етуді есепке алу нысанына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мынадай:

1) бас қамтамасыз етумен қамтамасыз етілген кедендік операцияны жасау мерзімін ұзарту;

2) банктік кепілдік және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімін ұзарту;

3) бас қамтамасыз етуді ұсынған заңды тұлғаның және (немесе) төлеушімен тиісінше банктік кепілдік және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепіл шарттарын жасасқан екінші деңгейдегі банктің және (немесе) сақтандыру ұйымының және (немесе) кепілгердің және (немесе) кепіл берушінің қайта ұйымдастырылуы;

4) бас қамтамасыз ету сомасының азайтылуы;

5) бас қамтамасыз ету сомасының өсуі жағдайларында жол беріледі.

23. Бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгерту және (немесе) толықтыру туралы өтініште өзгеруге және (немесе) толықтырылуға жататын мәлімет, сондай-ақ бас қамтамасыз етудің тіркеу нөмірі қамтылуы тиіс.

24. Бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгерту және (немесе) толықтыру туралы өтініш, міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу үшін Кодексте белгіленген мерзімде қарастырылады.

25. Бұрын мәлімделген мәліметі өзгерту және (немесе) толықтыру кезінде уәкілетті лауазымды тұлға көрсетілген өтініш тіркелген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей:

міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің тіркеу нөмірін сақтай отырып, Нысанға тиісті өзгертулер және (немесе) толықтыруларды енгізеді немесе

бұрын мәлімделген мәліметтерді және (немесе) ұсынылған құжаттарды өзгерту және (немесе) толықтыру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер Кодексте және осы Қағадаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгертуден және (немесе) толықтырудан бас тарту туралы шешім қабылданады.

26. Бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгертуден және (немесе) толықтырудан бас тарту туралы хабарламада осындай бас тартудың себебі қамтылуы тиіс.

27. Бұрын мәлімделген мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы немесе өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуден бас тарту туралы хабарлама тіркеу немесе осындай тіркеуден бас тарту туралы хабарлама үшін Кодексте берілген мерзімде төлеушіге жолданады.

28 Нысанға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде міндеттің орындалуын бас қамтамасыз ету сомасын еспетеу, Кодектің 105-бабына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін, мемлекеттік кірістер органдарында Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді есепке алу қағидасының 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19, 20, 21, 22 және 23-тармақтарында көрсетілген тәртіpte жүзеге асырылады.

29. Бас қамтамасыз етуді тіркеу туралы өтініште көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, бұл туралы

көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей төлеушіні хабардар етеді.

30. Төлеушінің өтініші бойынша бас қамтамасыз етумен қамтамасыз етілген, міндettің орындаған жағдайы болмаса, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, бұл туралы көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей төлеушіні хабардар етеді.

Кедендік баждардың,
салықтардың төленуін бас
қамтамасыз етуді колдану
қағидасына
қосымша
Нысаны

Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндettің орындалуын қамтамасыз ету

№

Отініш беруші: заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	
өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі	
өтініш берушінің заңды мекен-жайы немесе тұрғылықты тұратын жерінің мекен-жайы	
кеңілгер немесе кепіл беруші*: заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	
кеңілгер немесе кепіл берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі	
мемлекеттік кірістер органдарының бөлімшелері және (немесе) кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндettің орындалуын қамтамасыз ету тіркелген мемлекеттік кірістер органы	
мемлекеттік кірістер органдарының бөлемшесі (бөлемшелері) және (немесе) кедендік операция жүзеге асырылатын (асатын) мемлекеттік кірістер органдары (органы)	
мемлекеттік кірістер органдарының бөлемшесі (бөлемшелері) және (немесе) кедендік тасымалдаушылар және (немесе) кеден өкілдері кедендік операцияны жасайтын (асалатын) мемлекеттік кірістер органдары (органы)	

									Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндettі
		Кедендік баждарды ,	Кедендік баждарды , салықтар		Кедендік баждарды , салықтар	Кедендік баждарды	Кедендік баждарды		

Кедендік операция лардың түрі	Кедендік баждард ы , салықтар міндеттің орындалу ды төлеу жөніндегі міндеттің орындалу орындалу ы н растайты н растайты н орындалу ы тәсілдері күжаттар д ы н нөмірі және күні	салықтар ды төлеу жөніндегі міндеттің орындалу орындалу ы н растайты н күжаттар д ы н нөмірі ету мерзімі	ды төлеу жөніндегі міндеттің орындалу орындалу ы н кастамас ыз ету салықтар д ы сомасын растайты н күжат	3 жолда е н баждард ы н баждард ы , салықтар міндеттің орындалу орындалу ы н кастамас ыз ету мөлшерін ің есебін нөмірі джәне күні (ол болған кезде)	жөніндегі орындалу орындалу ы н кастамас ыз ету бойынша кастамас ыз ету бойынша кастамас ын нақты мерзімі	ы , салықтар міндеттің орындалу орындалу ы н кастамас ыз ету бойынша кастамас ыз ету бойынша кастамас ын нақты мерзімі	ы , салықтар міндеттің орындалу орындалу ы н кастамас ыз ету бойынша кастамас ыз ету бойынша кастамас ын нақты мерзімі	Кедендік баждард ы , салықтар міндеттің орындала ды төлеу жөніндегі міндеттің орындалу орындалу ы н кастамас ыз ету мөлшерін ің есебін нөмірі джәне күні (ол болған кезде)	орынданам ағаны немесе тиіссіз орындаға жөніндегі міндеттің орындалу иnde кедендік баждард ы , салықтар д ы төмендег е н сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы:

Бас қамтамасыз ету бойынша кедендік баждарды, салықтарды сомасы қалдыры	уәкілетті лауазымды тұлғаның белгісі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетілуімен және мөрінің жеке нөмірі, сондай-ақ белгінің қойылған күні	Кедендік заннаманың сақталуын тексеруін жүзеге асратын уәкілетті лауазымды тұлғаның белгісі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетілуімен және мөрінің жеке нөмірі, сондай-ақ белгінің қойылған күні	Лауазымды тұлғаның белгісі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетілуімен және мөрінің жеке нөмірі, сондай-ақ белгінің қойылған күні	Ескертпе
11	12	13	14	15

* егер өтініш беруші кепіл беруші болымаған жағдайда толтырылады

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 26 ақпандығы

№ 294 бұйрығына

2-қосымша

Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті орындауды қамтамасыз етуді есепке алу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті орындауды қамтамасыз етуді есепке алу қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 105-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік

кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндettі орындауды қамтамасыз етуді есепке алу тәртібін (бұдан әрі - міндettін орындауды қамтамасыз ету) айқындейды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1312 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда:

кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға деп, кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндettі (бұдан әрі – міндettі) орындауды қамтамасыз етуге жататын кедендік операцияларды жасайтын мемлекеттік кіrістертер органының лауазымды тұлғасы тұсініледі.

Бұл ретте Кодекстің 139-бабының 1-тармағының екінші бөлігін ескере отырып, міндettі орындауды қамтамасыз ету арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша міндettі орындауды қамтамасыз етуді қамтиды;

мемлекеттік кіrістер органы деп, Кодекстің 105-бабына сәйкес міндettің орындалуын қамтамасыз ету тіркеуге жататын мемлекеттік кіrістер органы тұсініледі;

төлеушілер деп:

міндettі туындаған тұлғалар;

Кодекстің 96-бабының 3-тармағында көрсетілген тұлғалар тұсініледі;

уәкілетті лауазымды тұлға деп, міндettі орындауды қамтамасыз етуді тіркеуді және міндettі орындауды қамтамасыз ету сомаларын есепке алуды жүзеге асыруышы мемлекеттік кіrістер органының лауазымды тұлғасы тұсініледі;

техникалық мүмкіндік деп, мемлекеттік кіrістер органдарының автоматтандырылған жүйелерінің құралдары арқылы мәліметтерді алу және жолдау мүмкіндігі тұсініледі.

3. Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және Кодекстің 96-бабының 1 және 2-тармақтарына, 139-бабының 1-тармағына сәйкес көзделген жағдайларда кедендік операцияларды жасау кезінде міндettі орындауды қамтамасыз ету қолданылады.

2-тарау. Мемлекеттік кіrістер органдарында міндettі орындауды қамтамасыз етуді есепке алу тәртіbi

4. Міндettі орындауды қамтамасыз етуді тіркеу төлеушінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

5. Міндettі орындауды қамтамасыз етуді мемлекеттік кіrістер органы банктік кепілдіктің және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімінен және (немесе) Кодекстің 89 және 143-

бабтарында белгіленген талап қою мерзімінен аспайтын төлеушінің өтінішінде айқындалған мерзімде қабылдайды.

6. Өтініште көрсетілген мәліметтер осы Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша міндетті орындауды қамтамасыз етуді есепке алу нысанына (бұдан әрі – Нысан) ауыстырылады және (немесе) автоматты түрде өзгертіледі.

7. Міндетті орындауды қамтамасыз етудің тіркеу нөмірінің құрылымы:

КККК/ККААЖЖ/В/НННННННН, мұнда:

ККК – міндетті орындауды қамтамасыз етуді тіркеген мемлекеттік кірістер органының коды;

КК – тіркеу күні;

АА – тіркеу айы;

ЖЖ – тіркеу жылының соңғы екі цифры;

В – міндеттін орындауды қамтамасыз ету (1) немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның міндеттін қамтамасыз етуі (2) немесе уәкілетті экономикалық оператордың міндеттін қамтамасыз етуі (3), міндеттін орындауды бас қамтамасыз ету (4);

НННННННН – міндеттін орындауды қамтамасыз етудің реттік нөмірі.

8. Міндетті орындауды қамтамасыз етудің реттік нөмірлерін нөмірлеу бірден басталады. Әрбір келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап міндеттін орындауды қамтамасыз етудің реттік нөмірін нөмірлеу бірден басталады.

9. Егер міндетті орындауды қамтамасыз ету ақшамен ұсынылған жағдайда, мәлімделген мәліметтер мен ұсынылған құжаттар Кодексте және осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде, уәкілетті лауазымды тұлға кейіннен мәлімделген мәліметтер мен ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы Нысанга белгі қоя отырып, төлем құжатымен расталған ақшаның болуын тексеруді жүзеге асырады және барлық талаптар сақталған кезде міндетті орындауды қамтамасыз етуді тіркейді.

10. Уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырганнан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғага Нысанды жолдайды.

11. Міндеттін орындау Кодекстің 97-бабының 1-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген әдістермен қамтамасыз етілген жағдайда, мәлімделген мәліметтер және ұсынылған құжаттар Кодексте және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде, уәкілетті лауазымды тұлға мәлімделген мәліметтердің және ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы Нысандада белгі қояды және барлық талаптар сақталған кезде міндетті орындауды қамтамасыз етуді тіркейді.

12. Уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 11-тармағында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырганнан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, кеден

заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаға Нысанды жолдайды.

13. Техникалық мүмкіндік болған кезде осы Қағиданың 10 және 12-тармақтарында көрсетілген іс-әрекеттер орындалмайды.

14. Өтініште және (немесе) ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтер Кодексте және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға мәлімделген ақпарат және (немесе) ұсынылған құжаттардың сәйкес еместігі туралы Нысанда белгі қояды, міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеуден бас тартады.

15. Міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы хабарлама осы бас тартудың себептерін көрсете отырып, Кодексте белгіленген мерзімде жазбаша немесе электрондық нысанда төлеушіге жолданады.

16. Міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарламада міндетін орындауды қамтамасыз етудің тіркеу нөмірі қамтылуы тиіс.

17. Егер банк кепілдігінің және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мүліктік кепілі шарттарының қолданыс мерзімі, сондай-ақ міндеттемені орындауды қамтамасыз ету сомасы Шарттарда және (немесе) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және (немесе) Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес келуі жағдайында кеден заңнаманың сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға, Нысанда міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылған кедендік операциялар бойынша осындай міндетті тоқтатқанға дейін осындай міндетті орындауды қамтамасыз етуді уақытша шектеу туралы белгі қояды.

18. Нысанда көрсетілген мәліметтер, техникалық мүмкіндік болған жағдайда, міндеттемелердің орындауды қамтамасыз ету ұсынылған кедендік операцияларды жасау үшін қолданылатын құжаттарда қайта жасалады.

19. Төлеушінің міндетін тиісті орындаудынан кейін, кеден заңнамасының сақталуына тексеріс жүргізетін лауазымды тұлға міндетін орындаудан кейінгі күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

уәкілетті лауазымды тұлғаға төлеушінің міндеттерді тиісті орындағаны туралы ақпаратты жолдайды немесе

техникалық мүмкіндік болған жағдайда, кеден заңнамасының сақталуына тексеріс жүргізетін лауазымды тұлға Нысанда кедендік операцияның тиісті аяқталуы, міндетін орындауды қамтамасыз етуді шектеуді жою және оны бақылаудан алу туралы белгі қояды.

20. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, уәкілетті лауазымды адам осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін, кейіннен ақшаны "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 Бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934

болып тіркелген) айқындалған тәртіппен есепке алу (қайтару) немесе Кодекске сәйкес пайдалану үшін Нысанда кедендік операцияны тиісінше аяқтау, міндettің орындалуын қамтамасыз ету шектеуін жою және оны бақылаудан алу туралы белгі қояды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 24.07.2024 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Төлеуші міндettін орындармаса немесе дұрыс орындармаса, кеден заңнамасының сақталуына тексеріс жүргізген лауазымды тұлға төлеуші міндettін орындармадан немесе дұрыс орындармадан күннен кейінгі күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

уәкілетті лауазымды тұлғаға төлеушінің міндettін орындармаданы немесе дұрыс орындармадан туралы ақпаратты жолдайды немесе

техникалық мүмкіндік болған жағдайда, кеден заңнамасының сақталуына тексеріс жүргізетін лауазымды тұлға кейін шаралар қабылдау үшін Нысанда кедендік операцияны тиісінше орындалмағанды туралы белгі қояды.

22. Техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін, Нысанда кедендік операцияның тиісті аяқталмауы туралы белгі қояды.

23. Уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 22-тармағында көрсетілген әрекеттермен бір мезгілде, Кодексте көзделген мерзімде, Кодекстің 98-бабының 6-тармағында, 99-бабы 4-тармағында, 100-бабының 5-тармағында, 101-бабының 10-тармағында, 102-бабының 4-тармағында көзделген әрекеттерді жүзеге асырады, ол туралы Нысанда тиісті білгі қояды.

24. Егер міндettі орындауды қамтамасыз ету тіркелген күннен бастап төрт айдың ішінде кедендік операциялар жасалмаса, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанда Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы мұндай таңбаны қойған күннен кейінгі бір жұмыс күннен кешіктірмей төлеуші жазбаша немесе электронды нысанда хабардар етіледі.

25. Төлеушінің өтініші бойынша міндettің орындалуын қамтамасыз етуі қамтамасыз етілген, міндettің орындармадан жағдайы болмаса, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, бұл туралы көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күннен кешіктірмей төлеушіні хабардар етеді.

26. Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы мәліметтерді төлеуші өтінішке қажетті құжаттарға қосымша арқылы растайды.

27. Нысанға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мынадай:

1) міндettін орындауды қамтамасыз ету кедендік операциясын жасау мерзімін ұзарту;

2) банктік кепілдік және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мүліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімін ұзарту;

3) мыналарды:

міндettін орындауды қамтамасыз етуді ұсынған занды тұлғаның және (немесе)

төлеушімен тиісінше банктік кепілдік және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) муліктік кепіл шарттарын жасасқан екінші деңгейдегі банктің және (немесе) сақтандыру ұйымының және (немесе) кепілгердің және (немесе) кепіл берушінің қайта ұйымдастырылуы;

4) міндептін орындауды қамтамасыз етудің сомасын, оның ішінде бір тауар партиясында әкелінетін тауарлардың бір бөлігін кедендей ресімдеу нәтижесінде азайту;

5) міндептін орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілін Кодексте қарастырылған шарттарды сақтаған кезде міндептін орындауды қамтамасыз етудің басқа тәсілімен алмастыру;

6) осы Кодекстің 535-бабының 11, 12, 13 және 14-тармақтарына сәйкес уәкілетті экономикалық оператордың міндептін орындауды қамтамасыз ету сомасын азайту жағдайында рұқсат етіледі.

28. Бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгерту және (немесе) толықтыру туралы өтініште өзгертуге және (немесе) толықтыруға жататын мәліметтер, сондай-ақ міндептін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу нөмірі қамтылуы тиіс.

29. Бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгерту және (немесе) толықтыру туралы өтініште міндептін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу үшін Кодексте белгіленген мерзімдер қарастырылады.

30. Бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгерту және (немесе) толықтыру кезінде уәкілетті лауазымды тұлға көрсетілген өтініш тіркелген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей:

Нысанға міндептін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу нөмірін сақтай отырып, тиісті өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді немесе

бұрын мәлімделген мәліметтерді және (немесе) ұсынылған құжаттарды өзгерту және (немесе) толықтыру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер Кодексте және осы Қағадаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгертуден және (немесе) толықтырудан бас тарту туралы шешім қабылданады.

31. Бұрын мәлімделген мәліметтерді өзгертуден және (немесе) толықтырудан бас тарту туралы хабарламада осындай бас тартудың себебі қамтылуы тиіс.

32. Бұрын мәлімделген мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы немесе өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуден бас тарту туралы хабарлама міндепті орындауды қамтамасыз етуді тіркеу немесе осындай тіркеуден бас тарту туралы хабарлама үшін Кодексте берілген мерзімде төлеушіге жолданады.

33. Нысанға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде міндептің орындалуын бас қамтамасыз ету сомасын есепке алу осы Қағиданың 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19, 20, 21, 22 және 23-тармақтарында көрсетілген тәртіpte жүзеге асырылады.

2018 жылғы 26 акпандагы

№ 294 бүйрекіна

З-қосымша

Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, қамтамасыз етудің бір тәсілін басқаға ауыстыру қағида 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, қамтамасыз етудің бір тәсілін басқаға ауыстыру қағида "Қазақстан Республикасындағы кедендердік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 486-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, қамтамасыз етудің бір тәсілін басқаға ауыстыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда:

лауазымды тұлға деп кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асырушы заңды тұлғаларды тізілімге енгізу туралы өтінішті қарастыратын мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы түсініледі;

мемлекеттік кірістер органы деп кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асырушы заңды тұлғаның міндеттерін орындауды қамтамасыз ету Кодекске сәйкес тіркеуге жататын мемлекеттік кірістер органы (бұдан әрі - заңды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз ету) түсініледі;

үәкілетті лауазымды тұлға деп заңды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеуді жүзеге асырушы, сондай-ақ заңды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз ету сомаларын есепке алуды жүзеге асырушы мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы түсініледі;

кеден заңнамаларының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға деп кедендердік операцияларды жасауды бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы түсініледі;

заңды тұлға деп кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын және кедендердік тасымалдаушы және (немесе) кеден өкілі болып табылатын заңды тұлға түсініледі.

техникалық мүмкіндік деп, мемлекеттік кірістер органдарының автоматтандырылған жүйелерінің құралдары арқылы мәліметтерді алу және жолдау мүмкіндігі түсініледі.

2-тарау. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз ету әдістерін қолдану тәртібі

3. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тізілімге енгізуге үміткер занды тұлға кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды қамтамасыз етудің таңдалған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу үшін мемлекеттік кірістер органына Кодекстің 98-бабы 4-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде, 99-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 100-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде, 101-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде және 102-бабының бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш табыс етеді.

4. Занды тұлғаның міндетті орындауды қамтамасыз етуін мемлекеттік кірістер органы банктік кепілдіктің және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімінен және (немесе) Кодекстің 89 және 143-бабтарында белгіленген талап қою мерзімінен аспауы тиіс занды тұлғаның өтінішінде айқындалған мерзімде қабылдайды.

5. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуін тіркеу немесе осындаі тіркеуден бас тартуды кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу үшін Кодексте белгіленген мерзімде уәкілетті лауазымды тұлға жүзеге асырады (бұдан әрі - міндетін орындауды қамтамасыз ету).

6. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуін тіркеу Кодекстің 105-бабына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды қамтамасыз етуді есепке алу қағидаларының 6, 7, 8, 9, 11, 14, 16 және 17-тармақтарында қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

7. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу немесе осындаі тіркеуден бас тарту туралы хабарламаны осындаі бас тартудың себебін көрсетіп, уәкілетті лауазымды тұлға міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарламаны жолдау үшін Кодексте белгіленген мерзімде жазбаша немесе электрондық түрде занды тұлғага жолдайды.

8. Уәкілетті лауазымды тұлға занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің таңдаған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты Кодекстің 98-бабы 5-тармағының екінші бөлігінің екінші абзацында, 99-бабының 2-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында, 100-бабының 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында, 101-бабының 5-тармағының 1 және 102-бабының 2-тармағының 1), 4) және 5) бөліктерінде көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ Кодекстің 486-бабының 7 және 8-тармақтарында белгіленген бір немесе бірнеше шарттарды сақтамаған жағдайда және (немесе) ұсынылған сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талантарға сәйкес келмеген жағдайда занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеуден бас тартады.

9. Уәкілетті лауазымды тұлға заңды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарламаны заңды тұлғаға жолдаумен бір мезгілде лауазымды тұлғаға осы бүйрықпен бекітілген Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды бас қамтамасыз етуді пайдалану қағидаларына қосымшаға сәйкес нысан бойынша Міндетін орындауды қамтамасыз етуді есепке алу нысанынан мәліметтерді (бұдан әрі - Нысаны) жолдайды.

10. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тізілімге енгізген немесе осындай тізілімге енгізуден бас тартқан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде лауазымды тұлға уәкілетті лауазымды тұлғаға тиісті хабарлама жолдайды.

11. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тізілімге енгізуден бас тартқан жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы мұндай таңбаны қойған күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлға хабардар етеді.

12. Егер банктік кепілдіктің және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепілк шарттарының қолданыс мерзімі, сондай-ақ заңды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз ету сомасы Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда уәкілетті лауазымды тұлға Нысанда заңды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуін тіркеу туралы өтініште көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін заңды тұлғаның осындай міндетін орындауды қамтамасыз етуін уақытша шектеу туралы белгі қояды.

13. Заңды тұлға кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарды төлеу жөніндегі міндетін (бұдан әрі – міндет) орындаған немесе тиісінше орындаған, кедендік алымдар, өсімпұлдар, пайыздар сомаларын төлемеген кезде кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға:

Кодекстің 98-бабының 6-тармағында, 99-бабының 4-тармағында, 100-бабының 5-тармағында, 101-бабының 10-тармағында және 102-бабының 4-тармағында көзделген әрекеттерді жүргізеді;

техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда Нысанда заңды тұлғаның міндетін орындауы немесе тиісінше орындауы, кедендік алымдар, өсімпұлдар, пайыздар сомаларын төлемеуі туралы белгі қойылады.

14. Кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген әрекеттермен бір мезгілде уәкілетті лауазымды тұлғаға осындай әрекеттер туралы ақпаратты жолдайды.

15. Уәкілетті лауазымды тұлғаға осы Қағиданың 14-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Нысанда заңды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз ету сомасын осындай ақпаратта көрсетілген сомағы азайтады.

16. Уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген әрекеттермен бір мезгілде Кодексте белгіленген іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін лауазымды тұлғаға тиісті ақпаратты жолдайды.

17. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу туралы өтініште көрсетілген мерзім аяқталған соң уәкілетті лауазымды тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы көрсетілген мерзім аяқталған күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей занды тұлға хабардар етеді.

18. Егер занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу күнінен бастап бір жыл ішінде осы Қағиданың 10-тармағында көрсетілген хабарлама келіп түспесе, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы мұндай таңбаны қойған күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей занды тұлға хабардар етеді.

19. Бұрын мәлімделген мәліметтерге өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі Кодекстің 105-бабына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды қамтамасыз етуді есепке алу қағидасының 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Занды тұлғаны кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар тізілімінен шығарып тастаған кезде лауазымды тұлға осындай шығарып тастау туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті лауазымды тұлғаға тиісті хабарлама жолдайды.

21. Уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 20-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы мұндай таңбаны қоған күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей занды тұлға хабардар етеді.

3-тауар. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілін алмастыру тәртібі

3. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілін занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің басқа тәсілімен (тәсілдерімен) алмастыру үшін міндетін орындауды қамтамасыз етуге таңдалған тәсіліне (тәсілдерге) байланысты мемлекеттік кірістер органына Кодекстің 98-бабы 4-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде, 99-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 100-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 101-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде және 102-бабының бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоса берे отырып өтінішті ұсынады.

23. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілін занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің басқа (басқадай) тәсілімен (тәсілдерімен) алмастыру немесе мұндай алмастырудан бас тартуды уәкілетті

лауазымды тұлға міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу үшін Кодексте белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

24. Үәкілетті лауазымды тұлға занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілін осы Қағиданың 8-тармағында көзделген жағдайларда занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің басқа (басқадай) тәсілімен (тәсілдерімен) алмастырудан бас тартады.

25. Занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілін занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің басқа (басқалай) тәсілімен (тәсілдерімен) алмастыру немесе себебін көрсетіп, мұндай алмастырудан бас тарту туралы хабарламаны уәкілетті лауазымды тұлға міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарлама жіберу үшін Кодексте белгіленген мерзімде уәкілетті лауазымды тұлғаға жазбаша немесе электронды түрде жолдайды.

26. Нысанға занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілін занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің басқа (басқалай) тәсілімен (тәсілдерімен) алмастыру туралы белгіні, Кодекстің 105-бабына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды қамтамасыз етуді есепке алу қағидасының 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтарында белгіленген тәртіpte, бұрын мәлімделген мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы уәкілетті лауазымды тұлға қояды.

27. Егер банктік кепіл және (немесе) сақтандыру және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімі, занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз ету сомасы Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанда занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуін тіркеу туралы өтініште көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуді уақытша шектеу туралы белгі қояды.

28. Уәкілетті лауазымды тұлға занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілін занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етудің басқа тәсілімен (тәсілдерімен) алмастыру туралы занды тұлғаға хабарлама жолдауымен бір мезгілде Нысандағы мәліметтерді лауазымды тұлғаға жолдайды.

29. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда, осы Қағиданың 9, 14 және 28-тармақтарында көрсетілген әрекеттер орындалмайды.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 26 ақпандығы

№ 294 бүйріғына

4-қосымша

Уәкілетті экономикалық оператор міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану, қамтамасыз етудің бір тәсілін басқасына ауыстыру, қамтамасыз ету мөлшерін төмендету қағидасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Уәкілетті экономикалық оператордың міндеттері орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу (бұдан әрі – УЭО қамтамасыз ету) УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін басқасына ауыстыру, сондай-ақ УЭО қамтамасыз ету мөлшерін төмендету қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 535-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленді және УЭО қамтамасыз етуді тіркеу тәртібін, УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін басқасына ауыстыру тәртібін, сондай-ақ УЭО қамтамасыз ету мөлшерін төмендету тәртібін айқындауды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидада пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда:

лауазымды тұлға деп уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтінішті қарайтын мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы түсініледі;

уәкілетті лауазымды тұлға деп УЭО қамтамасыз етуін тіркеуді, сондай-ақ УЭО қамтамасыз ету мөлшерін есепке алуды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы түсініледі.

лауазымды тұлға деп кеден зандарының сакталуын тексеруді жүзеге асыратын, кедендік операцияның жасалуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы түсініледі;

занды тұлға деп уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне (бұдан әрі – УЭО тізілім) енуге үміткер занды тұлға түсініледі.

техникалық мүмкіндік деп, мемлекеттік кірістер органдарының автоматтандырылған жүйелерінің құралдары арқылы мәліметтерді алу және жолдау мүмкіндігі түсініледі.

2-тaraу. УЭО қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану тәртібі

3. Занды тұлға кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндетін (бұдан әрі – міндет) орындауды қамтамасыз етудің таңдалған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты УЭО қамтамасыз етуді тіркеу үшін мемлекеттік кірістер органына Кодекстің 94-бабы 12-тармағының 4) және 5) тармақшаларында, 98-бабының 4-тармағының үшінші бөлігінде, 99-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 100-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 101-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтінішті ұсынады.

4. УЭО қамтамасыз етуді мемлекеттік кірістер органы банктік кепіл және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мүліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімінен және (

немесе) Кодекстің 89 және 143-баптарында белгіленген талап қою мерзімінен аспауы тиіс УЭО тізіліміне енуге үміткер заңды тұлғаның өтінішінде белгіленген мерзімде қабылдайды.

5. УЭО қамтамасыз етуді тіркеуді немесе осындай тіркеуден бас тартуды міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу үшін Кодексте белгіленген мерзімде уәкілетті лауазымды тұлға жүзеге асырады.

6. УЭО қамтамасыз етуді тіркеу, Кодекстің 105-бабына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды қамтамасыз етуші есепке алу қағидасының 6, 7, 8, 9, 11, 14, 16 и 17-тармақтарында қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

7. УЭО Кодекстің 97-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен қамтамасыз етілген жағдайда, мәлімделген мәліметтер мен ұсынылған құжаттар Кодексте және осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайында, уәкілетті лауазымды тұлға мәлімделген мәліметтердің және ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы осы бұйрықпен бекітілген, Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті орындауды бас қамтамасыз етуді қолдану қағидасының қосымшасына сәйкес нысан бойынша УЭО қамтамасыз етуді есепке алу нысанында (бұдан әрі - Нысан) белгі қояды, УЭО қамтамасыз ету тіркеледі.

8. УЭО қамтамасыз етуді тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы хабарламаны осындай бас тартудың себебін көрсетіп, уәкілетті лауазымды тұлға міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарламаны жіберу үшін Кодексте белгіленген мерзімде жазбаша немесе электрондық түрде заңды тұлғаға жолдайды.

9. Уәкілетті лауазымды тұлға УЭО қамтамасыз етуді тіркеуден мынадай:

УЭО қамтамасыз етудің таңдаған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты Кодекстің 98-бабы 5-тармағының екінші бөлігінің екінші абзацында, 99-бабының 2-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында, 100-бабының 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында, 101-бабы 5-тармағының 1-бөлігінде көрсетілген;

Кодекстің 535-бабының 6 және 7-тармақтарында белгіленген бір немесе бірнеше шарттарды сақтамаған;

егер Кодекстің 486-бабының 13-тармағын ескере отырып, 532-бабының 4-тармағында, 535-бабының 10, 15, 16, 17, 18 және 19-тармақтарында белгіленген УЭО қамтамасыз ету мөлшері УЭО қамтамасыз етуді таңдаған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты құжаттарда расталған УЭО қамтамасыз ету мөлшерінен асып кеткен жағдайларда тіркеуден бас тартады.

10. Уәкілетті лауазымды тұлға заңды тұлғаға УЭО қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарламаны жолдаумен бір мезгілде лауазымды тұлғаға осы бұйрықпен бекітілген Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті бас қамтамасыз етуді қолдану қағидаларына қосымшага сәйкес Нысаннан мәліметтерді жолдайды.

11. Лауазымды тұлға УЭО тізілімге енгізген немесе осындай тізілімге енгізуден бас тартқан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті лауазымды тұлғаға тиісті хабарлама жібереді.

12. УЭО тізілімге енгізуден бас тартқан жағдайда уәкілетті лауазымды тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы мұндай таңбаны қойған күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлға хабардар етеді.

13. Егер банктік кепіл және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімі, сондай-ақ заңды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз ету сомасы Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанда УЭО қамтамасыз етуін тіркеу туралы өтініште көрсетілген мерзім аяқталғанғ дейін УЭО қамтамасыз етуін уақытша шектеу туралы белгі қояды.

14. Егер УЭО қатысты кедендік тексеру нысанында кедендік бақылау жүргізілген жағдайда, мұндай бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға, кедендік тексеру басталған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, осындай хабарламаны алған күні Нысанға тиісті белгі қоятын уәкілетті лауазымды тұлғаны бұл туралы хабардар етеді.

15. Осы Қағиданың 14-тармағында көрсетілген кедендік тексеру аяқталғаннан кейін, кедендік тексеру жүргізетін лауазымды тұлға, кедендік тексеру актісін шыгарған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, кедендік тексерудің аяқталғаны туралы ақпаратты осындай ақпаратты алған күні Нысанға тиісті белгі қоятын уәкілетті лауазымды тұлғаға жолдайды.

16. УЭО, оның ішінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарды төлеу жөніндегі міндеттердін орындаған немесе тиісінше орындаған, кедендік алымдар, өсімпұлдар, пайыздар сомаларын төлемеген кезде, кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асырушы лауазымды тұлға:

Кодекстің 98-бабының 6-тармағында, 535-бабының 25-тармағында көзделген әрекеттерді жургізеді;

техникалық мүмкіндік болған жағдайда, заңды тұлғаның, соның ішінде арнайы, демпингке қарсы, өтем баждардын төлеу бойынша міндетті орындауы немесе тиісті емес орындауы, кедендік алымдар, өсімпұлдар, пайыздарды төлемеуі туралы белгі қояды.

17. Кеден заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға осы Қағиданың 16-тармағында көрсетілген әрекеттермен бір мезгілде уәкілетті лауазымды тұлғаға осы Қағиданың 16-тармағында көрсетілген әрекеттер туралы ақпаратты жолдайды.

18. Уәкілетті лауазымды тұлғаға осы Қағиданың 17-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, Нысандағы заңды тұлғаның

міндетін орындауды қамтамасыз ету сомасын, осындай ақпаратта көрсетілген сомага азайтады.

19. Уәкілдегі тұлға осы Қағиданың 18-тармағында көрсетілген әрекеттермен бір мезгілде лауазымды тұлғаға Кодексте белгіленген іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін тиісті ақпараттар жолдайды.

20. УЭО қамтамасыз етуді тіркеу туралы өтініште көрсетілген мерзім аяқталғаннан соң уәкілдегі тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей УЭО хабардар етеді.

21. Егер УЭО қамтамасыз етуді тіркеу күнінен бастап бір жыл ішінде осы Қағиданың 11-тармағында көрсетілген хабарлама келіп түспесе, уәкілдегі тұлға Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы мұндай таңбаны қою күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлға хабардар етеді

22. Егер бірінші үлгідегі куәлігі бар УЭО УЭО-ды қамтамасыз етуді ұсынбай екінші немесе үшінші үлгідегі УЭО тізіліміне енгізілсе, лауазымды тұлға бұл туралы уәкілдегі тұлғаны хабардар етеді, ол мұндай хабарламаны алған күннен кейін бір күннен кешіктірмей Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы мұндай таңбаны қою күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей УЭО хабардар етеді.

23. Бұрын мәлімделген мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі Кодекстің 105-бабына сәйкес уәкілдегі органмен бекітілетін Мемлекеттік кірістер органдарында кедендей баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды қамтамасыз етуді есепке алу қағиданың 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтарында қарастырылған тәртіpte жүзеге асырылады.

24. УЭО тізілімінен УЭО шығарылып тасталған жағдайда, лауазымды тұлға осындай шығарып таставу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілдегі тұлғаға тиісті хабарлама жолдайды.

25. Уәкілдегі тұлға осы Қағиданың 24-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, Нысанды жою туралы белгі қояды, ол туралы мұндай таңбаны қою күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлға хабардар етеді.

3-тaraу. УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін басқасымен алмастыру тәртібі

26. УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін УЭО қамтамасыз етудің басқа тәсіліне (тәсілдеріне) алмастыру үшін УЭО қамтамасыз етудің таңдалған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты мемлекеттік кірістер органына Кодекстің 94-бабы 12-тармағының 4) және 5) тармақшаларында, 98-бабының 4-тармағының үшінші бөлігінде, 99-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 100-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 101-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

27. УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін УЭО қамтамасыз етудің басқа тәсіліне (тәсілдеріне) алмастыру немесе мұндай алмастырудан бас тартуды уәкілетті лауазымды тұлға міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу үшін Кодексте белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

28. Уәкілетті лауазымды тұлға УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін УЭО қамтамасыз етудің басқа тәсіліне (тәсілдеріне) алмастырудан осы Қағиданың 9-тармағында көзделген жағдайларда бас тартады.

29. УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін УЭО қамтамасыз етудің басқа тәсіліне (тәсілдеріне) алмастыру немесе мұндай алмастырудан бас тарту туралы хабарлама себебін көрсетіп, УЭО уәкілетті лауазымды тұлғасы жазбаша немесе электрондық түрде Кодексте белгіленген мерзімде міндетті орындауды қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарлама жіберу үшін жолдайды.

30. Кодекстің 105-бабына сәйкес уәкілетті органмен бекітіletіn, Кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетін орындауды қамтамасыз етуді есепке алу қағиданың 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтарында қарастырылған тәртіpte, бұрын мәлімделген мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы, Нысанға уәкілетті лауазымды тұлға УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін УЭО қамтамасыз етудің басқа тәсіліне (тәсілдеріне) алмастыру туралы белгіні қояды.

31. Егер банктік кепіл және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мүліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімі, УЭО қамтамасыз ету сомасы Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанда занды тұлғаның міндетін орындауды қамтамасыз етуін тіркеу туралы өтініште көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін УЭО осындай қамтамасыз етуін уақытша шектеу туралы белгі қояды.

32. Уәкілетті лауазымды тұлға УЭО қамтамасыз етудің бір тәсілін УЭО қамтамасыз етудің басқа тәсіліне (тәсілдеріне) алмастыру туралы УЭО-ға хабарлама жіберумен бір мезгілде Нысандан мәліметтерді лауазымды тұлғаға жолдайды.

4-тауар. УЭО қамтамасыз ету мөлшерін азайту тәртібі

33. УЭО қамтамасыз ету мөлшерін азайту мақсатында, УЭО қамтамасыз етудің тағдалған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты УЭО мемлекеттік кірістер органына Кодекстің 94-бабы 12-тармағының 4) және 5) тармақшаларында, 98-бабының 4-тармағының үшінші бөлігінде, 99-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 100-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде, 101-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

34. УЭО қамтамасыз ету мөлшерін азайту немесе осындай азайтудан бас тартуды уәкілетті лауазымды тұлға міндетін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу немесе осындай тіркеуден бас тарту үшін Кодекспен белгіленген мерзімдерде жүргізеді.

35. Уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және (немесе) Кодекстің 535-бабының 6, 7-тармақтарында белгілеген бір

немесе бірнеше шарттарды сақтамаған жағдайда, сондай-ақ Кодекстің 486-бабының 13-тармағын ескере отырып, 535-бабының 11, 12, 13, 14-тармақтарында белгіленген УЭО қамтамасыз ету мөлшері УЭО қамтамасыз етудің талдалған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты құжаттармен расталатын УЭО қамтамасыз ету мөлшерінен асып кетсе, УЭО қамтамасыз ету мөлшерін азайтудан бас тартады.

36. УЭО қамтамасыз ету мөлшерін азайту немесе азайтудан бас тарту туралы хабарламаның себебін көрсетіп, УЭО-ның уәкілетті лауазымды тұлғасы жазбаша немесе электронды түрде Кодексте белгіленген мерзімде міндептін орындауды қамтамасыз етуді тіркеу туралы хабарламаны жіберу үшін жолдайды.

37. Кодекстің 105-бабына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін мемлекеттік кірістер органдарында кедендей баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндептін орындауды қамтамасыз етуші есепке алу қағидалардың 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтарында қарастырылған тәртіpte, бұрын мәлімделген мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанға УЭО қамтамасыз ету мөлшерін азайту туралы белгіні қояды.

38. Егер банктік кепіл және (немесе) кепілгерлік және (немесе) мұліктік кепіл шарттарының қолданыс мерзімі, УЭО қамтамасуз ету сомасы Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға Нысанда занды тұлғаның міндептін орындауды қамтамасыз етуін тіркеу туралы өтініште көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін УЭО қамтамасыз етуін уақытша шектеу туралы белгі қояды.

39. Уәкілетті лауазымды тұлға УЭО қамтамасыз ету мөлшерін азайту туралы хабарлама УЭО-ға жіберумен бір мезгілде Нысандағы мәліметтерді лауазымды тұлғаға жолдайды.

40. Техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда, осы Қағиданың 10, 17, 32 және 39-тармақтарында көрсетілген әрекеттер орындалмайды.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 26 актандығы
№ 294 бұйрығына
5-қосымша

"Кедендей баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндептерді орындауды, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын занды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндептерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету қағидасы (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындауды.

2. Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет), Комитеттің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсету тәртібін анықтайды.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы;
- 2) "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Келу тәртібімен – көрсетілетін қызметті алушымен ұсынылған құжаттар көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесімен қабылданады және көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды өндөуге жауапты құрылымдық бөлімшесіне беріледі.

Электронды түрде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтініш портал арқылы қабылданады.

2-тaraу. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) "Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу" осы Қағидаланың 1-қосымшасына сәйкес жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 97 бабының 1 тармағы 4 тармақшасында көзделген тәртіппен

мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жүгінгенге дейін, Кодекстің 101 бабы 1 тармағының екінші бөлігіне сәйкес, мемлекеттік кірістер органына осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалаушының кепіл мұлкінің нарықтық құнын бағалау туралы есебін қоса бере отырып, мұлік кепілі шартын жасау туралы өтініш ұсынады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге:

Кодекстің 97-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген тәсілдер бойынша кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу, сондай-ақ кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын занды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператор міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауды тіркеу туралы өтінішті осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеке сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисіндегі электрондық құжат ұсынылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Занда өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті лауазымды тұлғаның электронды цифрлық қол қоюымен расталған электрондық құжат нысанында алады.

Оларда қамтылған ақпараттар мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алынған жағдайда құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды қабылдауын растауы осы Қағиданың 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген, күні, уақыты, құжаттар топтамасын қабылдаған тұлғаның қолы, тегі және аты-жөні бар өтініштің көшірмесіне белгі қою болып табылады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесінде күні, уақыты көрсетіле отырып хабарлама жолданады.

4. Көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметшісі кедендік іс саласындағы уәкілетті орган тәулік бойы жұмыс режимін бекіткен көрсетілетін қызметті берушінің қоспағанда, осы Қағиданың 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген, өтінішті және оған қоса берілетін құжаттардың, олар келіп түскен күні қабылдауын жүзеге асырады (

көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке құндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс құні жүзеге асырылады).

5. Құжаттарды қарau және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мерзімі:

1) Кодектің 97-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген тәсілдермен кедендей баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету кезінде Кодектің 98-бабының 5-тармағының бірінші бөлігіне, 99-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіне, 100-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіне және 102-баптың 1-тармағының алтыншы бөлігіне сәйкес оларды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс құн мерзімде;

2) Кодектің 97-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген тәртіппен кедендей баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету кезінде осы Кодектің 101-бабына сәйкес оларды кепіл мемлекеттік тіркеу органында ресімделген күннен бастап 2 (екі) жұмыс құн мерзімде жасалады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама кедендей баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс құнінен кешіктірілмей жіберіледі.

6. Көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері осы Қағидалардың 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе басшы орынбасарына көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушы етіп айқындауына береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электронды түрде ұсынған кезде құжаттарды өндеу автоматты түрде жүргізіледі. Көрсетілетін қызметті алушы осы тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттар топтамасын электронды түрде толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес тыңдау жүргізбей, электронды түрде ұсынылған құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын (қағазда) ұсынған жағдайда:

Кодектің 97-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген тәсілдермен көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс құн ішінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті өтініште көрсетілген мәліметтердің және (немесе) ұсынылған құжаттардың Кодектің 98, 99, 100, 101 және 102-баптарында және осы Қағиданың 3-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы келу тәртібімен құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған, не осы

Қағида тармақшаның үшінші бөлігінде көзделген тәсілдермен мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ӘРПК-тің 73-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тыңдау жүргізбей, электронды түрде ұсынылған құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген, тізбенің 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға құжат тапсырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды жолдайды.

7. Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі туралы хабарламаға көрсетіletіn қызметті берушінің басшысы немесе басшының жазбаша шешімімен уәкілеттік берілген тұлға осындай хабарламаға қол қояды және көрсетіletіn қызметті алушыға көрсетіletіn қызметті берушінің кеңсесі арқылы жіберіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама, көрсетіletіn қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетіletіn қызметті алушыға жіберіледі.

8. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу тәртібі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетіletіn қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетіletіn қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларымен анықталады.

9. Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтерді көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелер істен шыққан кезде көрсетіletіn қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта бойынша e-okno@mgd.kz, мемлекеттік көрсетіletіn қызмет атауы, мемлекеттік көрсетіletіn қызметтерді алуға берген өтінішті тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетіletіn қызметті алушының атауы, қателікке әкеліп соққан әрекеттердің салдарын сипаттайтын, сондай-ақ туындаған қындықтарды түсіндіретіn скриншоттарды көрсетіp қолдау қызметіне сұрау сауал жолдайды.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметшілерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация басшысының атына, немесе ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрган әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағымдар шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Заңың 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

"Кедендік баждарды,
салықтарды, арнайы,
демпингке қарсы, өтем
баждарды төлеу жөніндегі
міндеттердің орындалуын,
сондай-ак кеден ісі саласында
қызметтің жүзеге асыратын
заңды тұлғаның және (немесе)
уәкілдепті экономикалық
оператордың міндеттерінің
орындалуын қамтамасыз етуді
тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет қағидасына
1-қосымша

"Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттердің орындалуын, сондай-ак кеден ісі саласында қызметтің жүзеге асыратын заңды тұлғаның және (немесе) уәкілдепті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет), Комитеттің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалар бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі-корсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілі	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) "электрондық үкімет" веб-порталы www.gov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.
		1) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 97-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген тәсілдермен кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету кезінде Кодекстің 98-баптың 5-тармағының бірінші бөлігіне, 99-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіне, 100-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіне және 102-баптың 1-тармағының

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері	<p>алтыншы бөлігіне сәйкес оларды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күн мерзімде;</p> <p>2) Кодекстің 97-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген тәртіппен кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету кезінде осы Кодекстің 101-бабына сәйкес оларды кепіл мемлекеттік тіркеу органында ресімделген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күн мерзімде жасалады.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (жартылай автоматтандырылған)/ қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуді ресімдеу (немесе) уәкілетті экономикалық оператор немесе осы тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.</p>
6	Көрсетілген қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында	

	<p>көзделген жағдайларда оны жинау тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтегін көрсетіледі</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Еңбек Кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заңы) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмалаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, кедендік іс саласындағы уәкілетті орган тәулік бойғы жұмыс режимін бекіткен көрсетілетін қызметті берушіні қоспағанда. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін, кедендік іс саласындағы уәкілетті орган тәулік бойғы жұмыс режимін бекіткен көрсетілетін қызметті берушіні қоспағанда, жүзеге асырылады. Қабылдау алдын ала жазылуды талап етпей және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде жүзеге асырылады.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Еңбек Кодексіне және мерекелер туралы Заңына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p>
		<p>көрсетілетін қызметті берушіге:</p> <p>1) Кодектің 97-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген тәсілдермен кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі</p>

міндеттің орындалуын қамтамасыз ету кезінде: "Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз етудің, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 актапандығы № 294 бұйрығымен бекітілген "Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттердің орындалуын, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш; кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз етудің тандалған түріне сәйкес, осында қамтамасыз етуді растайтын келесі құжаттардың бірін: Кодекстің 94-бабы 12-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар; кепіл беруші – екінші деңгейдегі банк пен төлеуші арасында жасалған банк кепілдігі шартын және банк кепілдігін; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) сәйкес жасалған кепілгерлік шарты; төлеуші және (немесе) үшінші тұлға мен көрсетілетін қызметті беруші арасында жасалған мұліктік кепілдік шарты, бағалаушының кепіл мүлігінің

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

нарықтық құнын бағалау туралы есебі және мұлікті сақтандыру шарты қосымшасы; сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар, сақтандыру үйымдарының тізіліміне енгізілген сақтандыру үйымдары берген сақтандыру шарттарды табыс етеді.

Құжаттарды портал арқылы берген кезде:

1) Кодекстің 97-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген тәсілдермен кедендей баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету кезінде:

кедендей баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттердің орындалуын, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметтің жүзеге асыратын занды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

кедендей баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз етудің таңдалған түріне сәйкес, осында қамтамасыз етуді растайтын мынадай құжаттардың бірін:

Кодекстің 94-бабы 12-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмесі;

кеңіл беруші – екінші деңгейдегі банк пен төлеуші арасында жасалған банк кепілдігі шарты және банк кепілдігінің электрондық көшірмесі;

Азаматтық кодекске сәйкес жасалған кепілгерлік шартының электрондық көшірмесі;

төлеуші және (немесе) үшінші тұлға мен көрсетілетін қызметті беруші арасында жасалған мұліктік кепілдік шартының

	<p>электрондық көшірмесі, бағалауышының кепіл мүлігінің нарықтық құнын бағалау туралы есебі және мүлікті сақтандыру шарты қосымшасы;</p> <p>сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар, сақтандыру үйымдарының тізіліміне енгізілген сақтандыру үйымдары берген сақтандыру шарттардың электрондық көшірмесін табыс етеді.</p>
	<p>1) ақшаны кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдалануында;</p> <p>төленуі ақша енгізу арқылы қамтамасыз етілетін кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу үшін пайыздар есепке жазылған жағдайда, осында пайыздардың сомасы Кодекстің 104-бабына сәйкес есептелген, Кодекстің 98-бабы 4-тармағының екінші немесе үшінші бөліктерінде көрсетілген төлем құжатымен расталатын кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету мөлшерінен асып кетсе;</p> <p>2) банк кепілдігін кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қолдануында:</p> <p>берілген банк кепілдігі шарты және (немесе) банк кепілдігі Азаматтық кодексі пен банктик заннамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>төленуі банк кепілдігімен қамтамасыз етілетін кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу үшін пайыздар есепке жазылған жағдайда, осында пайыздардың сомасы, Кодекстің 99-бабы 3-тармағының</p>

ережелері ескеріле отырып, Кодекстің 104-бабына сәйкес есептелген, банк кепілдігімен расталатын кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету мөлшерінен асып кетсе;

банк кепілдігі шарты және (немесе) банк кепілдігі Кодекстің 97-бабы 5 және 6-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе; банк кепілдігін кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылдау туралы өтініш тіркелген күні кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде берілген банк кепілдігін берген екінші деңгейдегі банк, мұндай талапты сот Қазақстан Республикасының кеден заннамасына сәйкес зансыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, бұрын көрсетілетін қызметті берушінің кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомасын төлеу туралы талабын орындаған болса;

3) кепілгерлік шартын кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қолдануында:

ұсынылған кепілгерлік шарты Азаматтық кодексіне сәйкес келмесе;

кепілгерлік шартына ұсынылған банк кепілдігін қабылдаудан бастарту үшін Кодекстің 99-бабы 2-тармағында айқындалған негіздер болған кезде;

кепілгерлік шартына ұсынылған мүлік кепілі шарты Кодекстің 101-бабы 3-тармағында белгіленген мүлік кепілі шартын жасасу талаптарына сәйкес келмесе;

кепілгерлік шартына ұсынылған сақтандыру шартын қабылдаудан

Қазақстан Республикасының
заннамасында белгіленген
мемлекеттік қызмет көрсетуден
бас тарту үшін негіздер

бас тарту үшін Кодекстің 102-
бабы 2-тармагында айқындалған
негіздер болған кезде;
кепілгер кедендік баждарды,
салықтарды төлеу жөніндегі
міндеттің орындалуын
қамтамасыз етпесе;
төленуі кепілгерлік шартымен
қамтамасыз етілетін кедендік
баждардың, салықтардың,
өсімпұлдардың, кедендік әкелу
баждарын төлеуді кейінге қалдыру
немесе бөліп төлеу үшін пайыздар
есепке жазылған жағдайда,
осында пайыздардың сомасы
Кодекстің 100-бабы 2-тармагының
үшінші бөлігі ескеріле отырып,
Кодекстің 104-бабына сәйкес
есептелген, кепілгерлік шартымен
расталатын кедендік баждарды,
салықтарды төлеу жөніндегі
міндеттің орындалуын
қамтамасыз ету мөлшерінен асып
кетсе;

4) мұлік кепілін кедендік
баждарды, салықтарды төлеу
жөніндегі міндеттің орындалуын
қамтамасыз ету ретінде
қолдануында:
мұлік кепілі шарты Азаматтық код
ексіне сәйкес келмесе;
кепілге берілетін мұлік өтімді,
жойылудан немесе бүлінуден
сақтандырылған болмауға тиіс;
мұлік кепілі шарты Кодекстің 97-
бабы 5 және 6-тармақтарында
белгіленген талаптарға сәйкес
келеді;

Кодекстің 101-бабы 3-тармагында
белгіленген шарттар сақталмаған
кезінде;

5) сақтандыру шартын кедендік
баждарды, салықтарды төлеу
жөніндегі міндеттің орындалуын
қамтамасыз ету ретінде
қолдануында: ұсынылған
сақтандыру шарты "Кедендік
операцияларды жасау кезінде
кедендік баждарды, салықтарды
төлеу жөніндегі міндеттің
орындалуын қамтамасыз ету
мақсаты үшін сақтандырудың
үлгілік шартын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы

министрін 2018 жылғы 26 акпандары № 295 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16661 болып тіркелген) кедендейк операцияларды жасау кезінде кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету мақсаттары үшін үлгілік сақтандыру шартына сәйкес келмесе немесе ұсынылған сақтандыру шарты Азаматтық кодексте бекітілген талабына сәйкес келмеген жағдайда; төленуі сақтандыру шартымен қамтамасыз етілетін кедендейк баждардын, салықтардын, өсімпұлдардын, кедендейк әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу үшін пайыздар есепке жазылған жағдайда, осында пайыздардың сомасы, Кодекстің 102-бабы З-тармағының ережелері ескеріле отырып, Кодекстің 104-бабына сәйкес есептелген, сақтандыру шартымен расталатын кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету мөлшерінен асып кетсе; сақтандыру шарты Кодекстің 97-бабы 5 және 6-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе; сақтандыру шартын кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылдау туралы өтініш тіркелген күні төлеушімен кедендейк баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде берілген сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымы, мұндай талапты сот Қазақстан Республикасының кеден заннамасына сәйкес зансыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, бұрын көрсетіледін қызметті берушінің кедендейк баждардын,

		салықтардың, өсімпүлдардың, пайыздардың тиесілі сомасын төлеу туралы талабын орындаған болса, сактандыру шартын кедендей баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде кабылдаудан бас тартады.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің – www.kgd.gov.kz, www.mminfin.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңгай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар. Бірыңгай байланыс орталығының байланыс телефондары: 1414, 8-800-080-7777.</p> <p>"Кедендей баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттердің орындалуын, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметтің жүзеге асыратын занды тұлғаның және (немесе) уәкілдепті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасына 2-қосымша</p>

нысан

(занды тұлғаның толық атауы/
жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінін аты (болған кезде)

(занды мекенжайы)

(нақты мекенжайы/тұрғылықты
жері)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі/
жеке сәйкестендіру нөмірі)

(электрондық мекенжайы,
телефон)

(мемдекеттік кірістер
органының атауы)

Мұлік кепілі шартын жасау туралы өтініш

"Қазақстан Республикасында кедендей реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 101-бабының 1-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) мұлік шартын жасауға өтінішті кабылдауынызды сұраймын.

Осы өтінішпен кепілге ұсынылған мұлік

(кепілдегі заттың атауы және оның нақты мекенжайы)

мынадай талаптарға жауап беретінін
растаймын:

Тиісті ұяшықтардан бір немесе бірнеше ұяшық X белгісімен белгіленеді

- отімділік болып табылады;
 - жоғалғанын немесе бұзылғаннан сақтандырылған (құжат нөмірін (болған кезде) және растайтын құжаттың күні көрсетіледі);
 - тыйым салынған мұлік болып табылмайды*;
 - мұлікке мемлекеттік органдармен шектеулер қойылмаған*;
 - мұлік жеке меншікте және үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбаған **
-

** Кепілдік мұлік шарты үш тарапты болған жағдайда толтырылады, кепіл нысанасы үшінші тұлғаның жеке меншігі болып табылған жағдайда мынадай мәліметтер көрсетіледі: заңды тұлғаның толық атауы/ кепіл нысанының меншік исесі болып табылатын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын

құжатта көрсетілсе); занды мекенжайы; нақты мекенжайы/тұргылықты жері; бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі; электронды мекенжайы, телефоны.

Отінішке қосымша:

мұлік кепілі шартының жобасы

;

кепілдік мұліктің нарықтық құнын бағалау туралы бағалаушының есебі:

(болған кезде нөмірі және күні)

Қосымша: ____ парақ (-та).

Берген күні: _____

Занды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінін аты (болған кезде)

Тегі, аты, әкесінін аты (болған кезде) _____

Қолы _____

"Кедендік баждарды,
салықтарды, арнайы, демпингке
қарсы, өтем баждарды төлеу
жөніндегі міндеттердің
орындалуын, сондай-ақ кеден ісі
саласында қызметін жүзеге
асыратын занды тұлғаның және
(немесе) уәкілетті экономикалық
оператордың міндеттерінің
орындалуын қамтамасыз етуді
тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидасына

3-қосымша

нысан

(занды тұлғаның толық атапуы
немесе жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (егер ол жеке басты
куәландыратын құжатта
көрсетілсе)

(занды мекенжайы)

(нақты мекенжайы немесе
тұргылықты жері)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі
немесе жеке сәйкестендіру
нөмірі)

(электрондық мекенжайы,

телефон)

(мемлекеттік кірістер
органының атауы)

Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды төлеу жөніндегі міндеттердің орындалуын, сондай-ақ кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын занды тұлғаның және (немесе) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу туралы өтініш

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс)

98-бабының 4-тармағына,



99-бабының 1-тармағына,



100-бабының 1-тармағына,



101-бабының 1-тармағына



және 102-бабының 1-тармағына



сәйкес кедендік баждарды, салықтарды, төлеу жөніндегі міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді (бұдан әрі – міндеттерді орындауды қамтамасыз ету) қабылдауызызды сұраймын.

Тиісті ұяшықтардан бір немесе бірнеше ұяшық X белгісімен белгіленеді уәкілетті орган уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізуудің шарттарын сақтау туралы хабарламаны тіркеу күні (уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізуге үміткер тұлға) толтырады

Тиісті ұяшықтардан бір немесе бірнеше ұяшық X белгісімен белгіленеді:

Осы қамтамасыз ету кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттеменің орындалуын бас қамтамасыз етуі болып табыла ма



ия



Жоқ

№	Тауардың атауы	Тауардың мөлшері, салмағы (өлшем бірліктерін көрсету)	Еуразиялық экономика одағының сыртқы экономикалық кызметінің тауарлық номерклатурасының коды	Тауардың құны	Келісімшаттың, коммерциялық құжаттардың нөмірі және күні (болған кезде)
---	----------------	---	--	---------------	---

№	Міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі (тәсілдері)	Міндеттердің орындалуын қамтамасыз етудің қолданыс мерзімі	Міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мөлшері	Міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжаттың нөмірі (болған кезде) және күні
1	Кодекстің 97-бабы 1 -тармағының 1) тармақшасы			
2	Кодекстің 97-бабы 1 -тармағының 2) тармақшасы			
3	Кодекстің 97-бабы 1 -тармағының 3) тармақшасы			
4	Кодекстің 97-бабы 1 -тармағының 4) тармақшасы			
5	Кодекстің 97-бабы 1 -тармағының 5) тармақшасы			

Тиісті ұяшықтардан бір немесе бірнеше ұяшық X белгісімен белгіленеді:

Кеден операцияларының түрі

	Кодекстің 194-бабы
	Кодекстің 195-бабы
	Кодекстің 196-бабы
	Кодекстің 226-бабы

	Кодекстің 257-бабы
	Кодекстің 354-бабы
	Кодекстің 387-бабы
	Кодекстің 96-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы
	Кодекстің 96-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы
	Кодекстің 96-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы
	Кодекстің 96-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы

Тиісті ұяшықтардан бір немесе бірнеше ұяшық X белгісімен белгіленеді:

Кедендік тізілім	
	кедендік өкілдер
	кедендік тасымалдаушылар
	уәкілетті экономикалық операторлар
Мәліметтер қамтамасыз ету сертификатын ресімдеу жағдайында толтырылады	
Кеден транзит кедендік рәсіміне тауарды орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасайтын жөнелтуші кеден органды	
Межелі кеден органды	
Алдыңғы қамтамасыз ету сертификатының тіркеу нөмірі (болған кезде)	
Коммерциялық және көліктік (тасымалдау) құжаттар туралы мәліметтер	

Осы өтінішке:

кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз етудің таңдап алған тәсіліне (тәсілдеріне) байланысты:

- 1) Кодекстің 94-бабы 12-тармағының 4) және 5) тармақшаларына көрсетілген құжаттар;
- 2) кепіл беруші – екінші деңгейдегі банк пен төлеуші арасында жасалған банк кепілдігі шартын және банк кепілдігі;
- 3) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекске сәйкес жасалған кепілгерлік шарт;
- 4) мүліктік кепілдік шарты, бағалауышының кепіл мүлігінің нарықтық құнын бағалау туралы есебі және мүлікті сақтандыру шарты;
- 5) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар, сақтандыру ұйымдарының тізіліміне енгізілген сақтандыру ұйымдары берген сақтандыру шарттары қоса беріледі.

Қосымша: ____ парақ (-та).

Берген күні: _____

Жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің тегі, аты, экесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) _____

Колы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК